



### ЕЛІМІЗДЕ ТАУАР БИРЖАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

### ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



(5 күнге дейін). Сондай-ақ, ҚТЖ-мен бірлесіп, биржалық мәміле жасалған жағдайда логистикаға арналған теміржол тарифтерін қайта қарау көзделген.

Үкімет отырысында Арман Шаққалиев бизнесті тауар биржаларында өз өнімдерін шығаруға ынталандыратын шаралар туралы айтты. Онда:

- ӘМАТ-тың отандық тауар өндірушілері үшін – ҚҚС төлеу кезінде есептеу әдісін қолдану;
- ұлттық экспорттаушылар үшін – ҚҚС қайтарудың жеңілдетілген тәртібін енгізу, мысалы, 5 күнге дейін (қазір 15 күн);

- сондай-ақ ҚТЖ-мен бірлесіп биржалық мәміле жасалған жағдайда логистикаға арналған теміржол тарифтерін қайта қарау ұсынылады.

Мемлекет басшысы қойған екінші міндет шеңберінде тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды айналып өту мүмкіндігі алынып тасталады. Бұл – жыл сайын 40 млрд теңгеден астам сома. Сонымен қатар мемлекеттік сатып алуларға ұқсас биржалық сауда-саттықтың жосықсыз қатысушыларының тізілімі енгізілетін болады. Сондай-ақ автоматтандырылған жеделдетілген өтінім беру технологияларына тыйым салуға бағытталған түзетулер бар.

Нарықтың басым субъектілері үшін делдалдар арқылы сауда-саттыққа шығуды шектеу және олар үшін дилер мәртебесін бекіту ұсынылады. Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуы бойынша. Оларды сатып алуды NADLOC тізілімімен синхрондалған ма м а н д а н д ы р ы л ғ а н электрондық сауда алаңдарына ауыстыру ұсынылады.

«Бұл – сатып алудың қолданыстағы тәсілі. Яғни, заңнамалық база бар, бірақ жер қойнауын пайдаланушылар оны көптеген жылдар бойы пайдаланбай келеді. Бұл ретте, электрондық алаңдарға еркін қол жеткізу үшін біз отандық өндірушілерден алымдар мен жарналарды алып тастауды ұсынамыз», — деді ведомство басшысы

Министрдің мәлімдеуінше, биржада коммерциялық құпияны сақтау талаптарын қайта қарау ұсынылады. Қатысушылар мен келісімдер бойынша барлық мәліметтер ашық қолжетімділікте жарияланатын болады. Жалпы алғанда, Мемлекет басшысы қойған барлық міндеттер заң жобасында қамтылған. Нәтижесінде, биржалық сауда сауда-саттықтың, экономиканың және отандық өндірістің өсуінің маңызды қозғаушы күші болуы керек. сондай-ақ ашық нарықтық бағаны қалыптастыру және биржалық саудаға қатысушылардың ақша ағындарын бақылауды күшейту негізгі нәтиже болады.

primeminister.kz



#### ТАҒАЙЫНДАУ

Жетісу облысы әкімінің өкімімен Марлен Қапашұлы Көлбаев облыс әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Марлен Қапашұлы Көлбаев 1976 жылы туған, білімі жоғары. «Жетісу» институтының экономика және менеджмент, Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясын юриспруденция мамандықтары бойынша бітірді.

Еңбек жолын Ішкі істер басқармасы күзет бөлімінің полиция қызметкері болып бастаған. Біршама жыл «Жетісу» экономикалық институтында түрлі қызметтер атқарды.

Кейін Талдықорған қаласының кесіпкерлік бөлімінің бастығы, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары, «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ агроөнеркәсіп кешені

департаментінің бас менеджері, Талдықорған қалалық адами ресурстарды басқару департаментінің жобаларды басқарудың бас менеджері, «ЖетісуАгроСауда» ЖШС-ның Талдықорған аймағы бойынша бастығы, Талдықорған қаласы әкімі аппаратының басшысы, қала әкімінің орынбасары, Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы лауазымдарын атқарды.

2022 жылдың тамыз айынан Көксу ауданының әкімі болды.

Хроника Жетісу облысы әкімінің өкімімен Рұстам Али басқа жұмысқа ауысуына байланысты облыс әкімінің орынбасары лауазымынан босатылды.

gov.kz

### ҚР ҮКІМЕТІ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА ҚОСЫМША 30 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛДІ



ҚР Үкіметі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолдау көрсету үшін резервтен 30 млрд теңге бөлді. Премьер-Министр Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды. Бұл шара мал өсірушілер алдындағы субсидиялар бойынша берешекті өтеуге мүмкіндік береді.

Құжатта Ауыл шаруашылығы министрлігіне Абай, Жетісу, Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, өнімділік пен өнім сапасын арттыруды субсидиялауға нысаналы трансферттер түрінде 30 млрд теңге бөлу туралы жазылған.

Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігіне ең көп қаражат – 7,8 млрд теңге бөлінді. Жамбыл облысына 5 млрд теңге, ШҚО-ға 4,5 млрд теңге, БҚО мал өсірушілеріне 1 млрд теңге бағытталды.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне қажетті шараларды қабылдау, ал Қаржы министрлігіне бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау тапсырылды.

Жалпы биыл агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға Үкімет барлық көздерден 494 млрд теңге бөлді. Жақын арада инвестициялық субсидиялауға және несиелер мен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға қосымша 30 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр.

primeminister.kz

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленген биржалық сауда мәселелері туралы заң жобасы ашық нарықтық баға белгілеуді қалыптастыруды және ақша ағындарын бақылауды күшейтуді көздейді. Бұл туралы Үкімет отырысында сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев мәлімдеді.

Сауда және интеграция министрлігі депутаттық корпуспен бірлесіп биржалық сауда мәселелері жөніндегі заң жобасын әзірледі. Өткен аптада «AMANAT» партиясының алаңында заң жобасының тұсаукесері өткізілді.

Заң жобасында үш негізгі міндетті шешуге бағытталған шаралар ұсынылады:

- Биржаларға қойылатын реттеуші талаптарды қатаңдату және мемлекеттік бақылауды күшейту;

- Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу рәсімдерін айналып өтуін болдырмау;

- Отандық өндірушілердің ашық сауда құралдарына қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Бірінші бағыт шеңберінде биржаларды шағын және микрокәсіпкерлік субъектілері санатынан шығару ұсынылады. Министр отандық нарықта қазір 10 биржа жұмыс істеп тұрғанын, оның 9-ы микро-бизнес субъектілері, бір биржа шағын бизнеске жатамынын жеткізді. Сонымен бірге биржалық келісімдердің жылдық айналымы триллион теңгеден асады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 2,5 трлн теңгеден асты, осы жылдың 10 айында – 1,6 трлн теңгені құрады.

Заң жобасында тауар биржаларының қаржылық тұрақтылығын арттыру ұсынылады. Жарғылық капиталдың мөлшері 600 мың айдаль есептік көрсеткішті құрайды, бұл шамамен 2 млрд теңге. Кепілдік қоры – 100 мың АЕК.

«Бүгінгі таңда бизнестің тауар биржаларына шығу

проблемалары бар. Сондай-ақ кәсіпкерлердің нақты келісімдерге қатысуына кедергілер жасалуда. Кіру және қатысу жарналары 250 мыңнан 95 млн теңгеге дейін соманы құрайды. Әрине, бұл көптеген кәсіпкерлер үшін ауыр шығындар. Сондықтан, біз сауда-саттыққа қатысу үшін жарналар мен төлемдердің белгілеуі максимумды мөлшерін белгілеуді ұсынамыз. Бұл мәселені саралап (дифференциалды) қараймыз.

Сауда-саттықтың басты қатысушыларын – брокерлер мен клиринг орталықтарын, қаржы мониторингі субъектілері санатына қосу ұсынылады», — деп атап өтті А.Шаққалиев.

Ведомство басшысының айтуынша, Министрлік биржалық тауарлардың тізімін қалыптастырады. Солардың ішінен әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарларды бөліп көрсету ұсынылады. Оған көмір, бидай, мұнай өнімдері және бірқатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары кіреді.

Аталған тауарлардың энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды рөлін ескере отырып, олардың саудасы арнайы тізбеге енгізілген тауар биржаларында ғана жүзеге асырылатын болады.

«Тауар биржаларының тізбесі конкурстық негізде Үкіметтің шешімімен айқындалады. Бұл аталған тауарларға ашық баға белгілеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ ел ішінде де, сыртқы экономикалық қызметте де тауар ағындарын қадағалауға мүмкіндік береді», — деді министр.

Үкімет отырысында А. Шаққалиев бизнесті өз өнімдерін тауар биржаларына шығаруға ынталандыратын әзірленген шаралар туралы да айтты. Отандық ҚТЖ өндірушілері үшін бұл ҚҚС төлеу кезінде есепке алу әдісін қолдану, Ұлттық экспорттаушылар үшін ҚҚС қайтарудың жеңілдетілген тәртібін енгізу

# ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ БАҚЫТЫ



Қазіргі таңда Тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақ пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі уақыт ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі деп білемін. Тәуелсіздіктің баянды етілгені – Қазақстан халқының тәуелсіздікке лайықты болып шыққанының арқасы, жұмылған

жұмысының жемісі, береке-бірлігімен жеткен ырысы. Бақыт... Бақыт дейсіздер ғой... Осы сөздің астарында қандай мағына жатыр десеңізші! Әр адам оны өзінің ой-пікіріне қарай әр қылы түсінеді. Ал мен бақыт дегенде, көз алдыма үш байлығым келеді: Халқым, Тілім, Отаным! Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін білеміз. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің, бұрынның бағыты болуы тиіс. Еліміздің, жеріміздің басқа елдермен терезесі тең болғанына, тіпті кейбір елдердің алдыңғы қатарынан көрінгеніне мақтанамын! Тәуелсіздігіміз жасасын!!!

Назгүл ЖҰМАХАНҚЫЗЫ  
Жетісу облысының  
«Тіл» оқу-әдістемелік орталығы  
Ескелді аудандық  
филиалының меңгерушісі

# ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУМЫСЫҢ



«AMANAT» партиясы Ескелді аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Ардагерлерді ардақтайық» сый-сияпаттар жасады.

партиялық жобасы аясында «Қарттарым, аман-саумысың?» атты іс шара өтті. Қазақ «Қариясы бар елдің қазынасы бар ел» - дейді. Қарияларды құрметтеп, ардақтау біз үшін – парыз. Себебі, әрбір белес, әрбір асу, ол бір із. Осы орайда ақыл-кеңестің, үлгі-өнегенің сарқылмас кенішінде болған қазыналық қарттарымызды «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында «Бақтыбай» бастауыш партия ұйымы жоба аясында қариялардың шаңырағына барып,

ЖШ АҚПАРАТ

# ЕҢБЕКПЕН ШЫҢДАЛҒАН ЕР АНА



Социалистік Еңбек Ері Есболатова Қатшаның туғанына 110 жыл толуына орай «Еңбек ер атандырады» - дегендей адам баласының еңбегі нәтижесінде қоғам дамып, өркениет өрістейді, оның тәрбиесі ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алады. Ең бастысы еңбектенуге, ақыл ойын жұмсауға ерінбей-талмай еңбек еткенде ғана арманы орындалып, жетістікке қол жеткізе алады. Осыған дәлел Кеңестік дәуірінде еңбегімен табысқа жеткен Социалистік Еңбек Ері атанған еңбек ардагерлерінің бірі Нұрмолда Алдабергенов және өзімен бірге еңбек еткен 20 Социалистік Еңбек Ерлері. Олар ел өмірін жақсартуға қоғамдық еңбекке ерте араласып, ауылшаруашылығын алға жетелеген адал да еңбекқор азаматтар бола білді. Соның бірі Нұрмолда Алдабергеновтың замандасы, қант қызылшасын өсірушілер звеносының жетекшісі болған Социалистік Еңбек Ері Есболатова Қатша. Есболатова Қатша 1913 жылы Шұбар (қазіргі Алдабергенов) ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1930 жылы «Жаңалық» ауыл шаруашылық артелінде қатардағы колхозшы болудан бастады. Жас болса да үлкендерден қалыспай еңбек етіп, өзін көрсете білген Есбо-

латова Қатшаның әріптестері 1939 жылы звеноны басқаруға сенім білдірді. Қызылша өсірудің агротехникасын меңгерді. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы кезінде ол бүкіл халықпен бірге колхоз даласында «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» ұранымен қажырлы еңбек етіп, жауды жеңіп шығуға өзінің субелі үлесін қосты. 1946 жылы басқарған қызылшашылар звеносы жарысқа қатысып, өздерін көрсете білді. Қарамағындағы қант қызылшасының әр гектарынан 823 центнерден тәтті түбір жинады. Кеңес үкіметі озат звено жетекшісінің еңбегін лайықты бағалады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 28 наурыздағы Жарлығымен Қатша Есболатова Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Омырауына «Орақ пен балға» алтын жұлдызымен қатар Ленин орденін қадады. 1949 жылы жоғары көрсеткішке жеткені үшін екінші рет Ленин орденімен наградталды. Есболатова Қатша отағасы Жеңіс екеуі Қабдолда, Ердолда есімді ұлдарын тәрбиелеп, өсіріп, олардың жоғары білім алуына толық жағдай жасаған ер ана. Қазіргі таңда ұрпақтары әрбір кәсіби маманның қызметкері болып, еңбекке белсене араласып жүр. Социалистік Еңбек Ері Есболатова Қатшаның музей

қорында сақталған естелік әңгімесі: «1934 жылдан қызылша ектік, алғашқыда жөнін білмей көртөшкідей аршитынбыз. Әр звенода 30-40 гектар қызылша бар, тұқымды 18 шақырым жердегі Талдықорғаннан қаппен арқалап, жаяу тасимыз. Қол күреппен, кетпенмен арық қазамыз, тоған аршимыз. Әсіресе соғыс жылдары қиын болды ғой. Қызылшаның да көлемін көбейтті. Таңның атысы, күннің батысы жұмыс істейтінбіз, балаларымызды тек ұйықтап жатқанда көретінбіз, олардың да күндіз шешесін көрмеген күндері болды. Нұрмолда соғыстан келісімен колхозды қайта қолға алды, ер азаматтар көбейіп жұмыстың ауыр асмағын бірге көтерісті. Елуінші жылдардың ортасына дейін барлық жұмыс қолмен істелетін, бірлі-жарым трактор жер жыртқаннан басқа ештеңе тындырмайды. Қызылша дегенің қыз балаша мөпелеп өсіргенді жақсы көреді. Ертеңнен кешке дейін асты-үстіне түсіп, арам шөбін жұлып, түбін қопсытып, шөлін қандыра суғарған соң түбірі салмақтана түседі. Әр гектардан орта есеппен 550 центнерден, ал кейін 850 центнерден өнім алған жылдарым болды. Ол кезде жер де тың, малдың қиын, қорда төгіп, топырақты құнартушы едік. Қазір жер тозды ма, - қызылша өнімі төмендеп кетті. Нұрмолда жетім-жесірлерге аурықша қамқор еді. Менің күйеуім қан майданда қаза болып, екі ұл баланы жалғыз тәрбиелеп өсірдім. Қабдолда деген балам Алматыдағы ауылшаруашылық институтына түскен еді, жатақхана бермей қойылпты. Пәтер жалдап тұруға менің жағдайым көтермейді. Соны айтын Нұрмолдаға барып едім, сөзге келмей қолма-қол жәрдем етті. Ол бір сөзді екі айтпайтын, айтқаның істетпей қоймайтын қажырлы қайсар, азамат еді.»

Есболатова Қатша өзінің табандылығымен, адалдығымен, еліне жеріне деген махаббатының шексіздігімен халқының ыстық ықыласына бөленген өмір жолы бүгінгі ұрпақ үшін зор мақтаныш болып қалмақ. Сонымен қатар адам өмірінде өзіне ыңғайлы, өзі қызығатын, қолынан келетін істі істесе, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасы мол, жемісті болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады. Сондықтан да «еңбек түбі береке» екенін жадымызда ұстаған абзал.

Г.ШАЙМУХАНБЕТОВА  
Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің меңгерушісі

# ОТАН ОТТАН ДА ЫСТЫҚ



Бүгін қарашаның 24-жұлдызы Ескелді ауданы Бақтыбай ауылдық Бақтыбай орта мектебінің кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен «Отан оттан да ыстық» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: Оқушыларды өз Отанын сүйуге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты ұрпақтардан болуға дәріптеу. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталаты-

нын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Аталмыш шараға мектебіміздің директоры Жанат Оспанов қатыстып балаларға кітап оқудың пайдасы туралы сонымен қатар өзінің үнемі кітапты сүйіп оқитынын айта келіп балаларға көп кітап оқу керектігін ұғындырды Ұлы Ақын Абай Құнанбаев шығармаларын қайта қайталап оқығанда ғана терең мағынасына үңілуге болатынын атап өтті. Шара жоғары деңгейде өтті.

ЖШ АҚПАРАТ

# АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ



Аудандық мәслихат депутаты, ШЖҚ «Ескелді аудандық ауруханасы» МКК директоры Құсмолданова Сауле Рыспекқызы «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында, медицина саласына еңбегі сіңген, бүгінгі күні зейнеткерлік дема-

лыста отырған- Букабаева Файруза Акеевна мен Петрова Зоя Ефимовна ардагерлеріміздің қал жағдайын біліп, өтініш-шағымдарын тыңдап, медициналық көмек көрсетті. Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Даналықтың алтын кілті — ата-бабаларымыз. Ата жолын жалғап келе жатқан бүгінгі күнгі ақсақал ата-ларымыз бен ақ жаулықты әж е л е р м і з г е зор денсаулық, шаңырақтарына бақ-береке тіледі.

ЖШ АҚПАРАТ

# ӨМІРДІң МӘНІ - САЯХАТ



«Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК филиалы Нұрмолда Алдабергеновтың мемориалды музейі туған өлкенің көрікті табиғи-тарихи жерлері мен музейлеріне саяхатқа шығып, тарих пен мәдениетке, келешек ұрпақтың рухани да-

Осыған орай Ескелді ауданының, Алдабергенов ауылы, Байысов атындағы орта мектебіндегі аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларынан құралған туристік топтың Ескелді ауданы, Алдабергенов ауылынан – Кербұлақ ауданы, Шанханай ауылы Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейі бағыты бойынша туристік саяхат ұйымдастырылды. Бұл бағытта балалардың қызығушылығын тудыратын тарихтан тағлым алатын орындар Алдабергенов, Жастар, Көксу өзені, Балпық би, Мұқыры ауылдары, Н.Алдабергеновтың кесенесі, Алғабас, Айнабұлақ, Сарыөзек, Шанханай ауылы Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейі.

Экскурсияға Алдабергенов ауылының Матай Байысов орта мектебінің 8 «ә» сынып оқушылары мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалар қатысты. Саяхат барысында балаларға Шанханай ауылы Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» музейіне дейінгі бағытта кездесетін кесенелер мен киелі орындар туралы мағлұматтар берілді. Алдымен саяхат көрнекті этнограф, фольклортанушы, ағартушы-ғалым Шоқан Уәлихановтың бейітіне зиярат етуден басталып, музей залдарын тамашалаумен жалғасуы тапты. Сонымен қатар балаларға Ш.Уәлиханов туралы қызықты тарихи деректерден құралған буклет таратылды. Оқушылар туристік саяхаттан ерекше әсер алып, ризашылықтарын білдіріп, жақсы көңіл күймен қайтты.

**Ж.Ә. АХАТАЕВА,**  
**Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі**

# ҚЫЗЫҒЫРЛЫҚ

**Психологиялық - педагогикалық зерттеулерде бала мінез – құлығының ауытқу мәселесі түбегейлі зерттелініп сипат алғанымен, қалыпты дамыған бала мінез – құлығының жағымсыз түрлерінің туындау себептері ғылымда өз деңгейінде зерттелуде. Мұндай балалардың мінез-құлқына мыналар тән: өкпелегіштік, бұзықтық, бірбеткейлік, дерексіздік. Отбасы жағдайындағы бала мінез-құлқының бұзылуына, олардың «тууына» себепші болатыны - ата-аналар өздерінің жеке проблемаларын дер кезінде шеше алмауы, бала психологиясының бұзылуына әкелуі. Жағымсыз іс-қимылдар өзін-өзі туындамайды, олар арам ниеттің нәтижесі, ал оның тамыры дұрыс құрылмаған тәрбиеде, себептері үлкендердің жаман өнегесінен, дұрыс үлгі бола алмауында. Мұндай қателіктерге мыналарды жатқызады:**

- талап қоюдың жүйелілігі мен дәйектілігінің қалысуы;
  - шамадан тыс еркелету;
  - ата-ана тарапынан бақылаудың болмауы.
- Ғалымдардың зерттеулеріне сай бала мінез-құлқы қиындығының себептерін жалпы мынадай топтарға жатқызуға болады.
1. Әлеуметтік-педагогикалық қараусыз қалу, бұл арада бала өзінің тәрбиесіздігінің нәтижесінде өзін дұрыс көрсете алмайды, онда қажетті білім, іскерлік, дағды және жағымсыз мінез-құлық стереотипі қалыса алады.
  2. Терең психикалық дискомфорт бұл отбасы өзара қатынасының сәтсіздігінен, яғни отбасындағы психологиялық жағдайдың терістігі, топтағы құрбы-құрдастарымен өзара

қатынасының жараспауы, балаға ата-ана, тәрбиеші, оқытушы тарапынан әділетсіз қатынас жасалуы салдарынан көрінеді.

3. Жас дағдарысы, мінез акцентуациясы және басқа да себептерге байланысты психикалық және дене күшінің саулығы мен дамуының ауытқу күйі.

4. Өз ойын білдіруде парасатты белсенділік танытудан, пайдалы әрекет түрімен шұғылданду қалыса қалу.

5. Қараусыздық, қоршаған ортаның теріс ықпалын және оның негізінде әлеуметтік-психологиялық дезадаптацияның дамуы.

Негативті мінез-құлық ерекшеліктері дұрыс құрылмаған тәрбиенің нәтижесі болуы мүмкін. Бала бетінен қақпайтын ортада өссе, өз дегенін істесе, әрекеттері мен талап-тілектеріне шек келтірмесе, онда оларда өз мінез-құлқтарын еркінше басқару және ережелер мен мөлшерлерге бағыну қабілеттіліктері қалыптаспайтын болады.

Бұл жерде ата-ананың рөлі үлкен. Ата-ана баласын өмірге құштар еткісі келсе, оның неге икемі бар, соған мән беріп тәрбие бергені жөн. Егер балаға сондай тәрбие ексеңіз, ол оның әдетіне айналып, ата-ана нұсқауынсыз-ақ міндетім деп, оларды іске асыруға дағдыланады. Балаға отбасы мүшелерінің сөзі, мінез-құлқы ғана емес, ондағы қоршаған заттар да әсер етеді. Ата-ананың тәлімі, өнегесімен ештеңе теңесе алмайды. Отбасында тәрбие үрдісін шебер басқару үшін, ең алдымен, ата-ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

**Жанар ҚАЛМАҚБАЙҚЫЗЫ,**  
Ескелді ауданының «№8 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологі

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей, біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отырғандығы сөзсіз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер

әр салада жүзеге асырылып келеді. Әсіресе халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар бірауыздан жүргізулері тиіс.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – емдеп алатындай науқас емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі – негізінен

халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу үшін бірауыздан атсалысуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арысшағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтан, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-бәйлік не керек, денсаулығың болмаса, төрелігің не керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөзді жадымызда ұстағанымыз жөн.

**Серик ХАБИДЕНОВИЧ,**  
**ҚР АШМ Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы**

# ЭЛЕКТРОНДЫ ЦИФРЛЫ ҚОЛТАҢБА



«Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде округ тұрғындарына өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орналасқан. Округ тұрғындары интернет желілері қосылған компьютерлердің көмегі арқылы өздеріне керекті анықтамалар мен электронды қызметтерді өз беттерінше ала алады.

Атап айтсақ, өзіне-өзі қызмет көрсету секторындағы ең көп алатын қызметтерге ЭЦҚ (электронды цифрлы қолтаңба) рәсімдеу, ЭЦҚ мерзімін ұзарту, ситфрлы қолтаңбу болуы, болмауы туралы нақтылық және психоневрологиялық, диспансерлердің есебінде болмау туралы, мекенжай бойынша тіркеуге тұру, тіркеуден шығару, емханаға тіркелу, медициналық сақтандыру, некеге тұру, жеке басында мүліктің

тіркелуі, тіркелмеуі, мүмкіншілігі шектеулі азаматтар, көпбалалы аналар үй кезегіне тұру, балаларға жәрдемақылар тағайындау, зейнетақы жинақтары туралы және тағы басқа анықтамаларды электронды, жылдам және тегін алуға болады.

Қосымша сұрақтарыңыз болса, тел: (872836) 3-17-06, 87078787573. Ауылдық округ әкімінің аппараты қызметкерлері округ тұрғындарына көмектерін көрсетуге әрқашан дайын.

Сонымен қоса, «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызметін көрсету, «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету, Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша мемлекеттік қызметтер және т.б. көрсетіледі.

«Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ - БҰЛ ЕЛІМІЗДІң ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызмет дегеніміз – көрсетілген қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру.

Ескелді ауданы Қоңыр ауылдық округ бойынша Қоңыр ауылында «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» ашылып, жұмыс жүргізіп келеді. Қызмет көрсету бұрышын ашудағы мақсат – мемлекеттік қызмет көрсету саласын жетілдіріп, қызметтерді қолжетімді етуге жағдай жасау, өсіп келе жатқан ұрпақтың электронды сервистерді пайдалана білуге де-

ген қызықшылығын арттыру. Осы мақсатта ауыл әкімшілік ғимаратында ашылған «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышына» eGov порталына еркін кіру үшін ғаламторға тіркелген компьютер қойылды.

Азаматтарға электронды цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ), электрондық үкіметтің веб-порталынан өзіне қажетті анықтамаларды алу үшін түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізілді. Үйіне интернет желісі тартылмаған немесе компьютері жоқ азаматтар кез келген уақытта өзіне керекті қызметті үкімет порталы арқылы ала алады. «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышының көмегімен Халыққа қызмет көрсету орталығына барудың қажеттілігі жоқ.

**А. КУЛАХМЕТОВ,**  
Қоңыр ауылдық округінің әкімі

# МАЛ ҰРЛЫҒЫ

Мал ұрлығы қазақ халқы үшін ежелден лайықты жазалануы тиіс ауыр қылмыс болып саналады.

Қазақта «Мал ашуы-жан ашуы», «Малым - жаным садақасы, жаным - арым садақасы» деген мәтелдер, амандық саулық сұрасуда «мал-жан аман ба», дүниесін сұрағанда «мал-мүлік» деп басқа мүліктен ерекше айтылуы малдың қазақ үшін маңызы зор екенін аңғартса керек. Мал көшпелі қазақ үшін тіршілік көзі болса, қазір де қазақ үшін оның мән-маңызы жоғалған жоқ. Ауыл халқы, кәсіпкерлері үшін мал инвестиция, бизнес, табыс пен пайда көзі.

Мал меншік құқығының негізгі объектісі болғандықтан, мал ұрлығы басқа ұрлыққа қарағанда қауіпті қылмыс болып саналады.

Ежелгі қазақ заңдарына сай мал ұрлығы үшін еселенген ауыр айыптар салынатын болған. Бірақ бұл жерде мал ұрлығы мен барымтаның ара-жігін ажырата білу керек. Барымта - малды иеленіп, сіңіріп кету мақсатынсыз келтірілген зәбір, моральдық зиян не мүліктік шығын үшін екінші жақты жазалап, одан лайықты өтемақы алу мақсатында ашық не жасырын жасалатын малды қуып, айдап кету.

Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты ММ-сі

# XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

Қазақ халқының XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдағы мәдениеті ежелгі қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ халқын құраған ұлыстар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заманға сай дамып қалыптасқан түрі болды.

**Рухани мәдениеті:** Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы - қазақ шежіресі екені анық. Қазақтың байырғы салт-дәстүрі бойынша әрбір қазақ азаматы өзінің жеті атасын білуге тиісті еді. Мұны балаларына үйрету әрбір атаның, отбасы тәрбиесінің негізі болды. Тек ата-анасынан айырылған жетімдер ғана мұндай тәрбиеден қалған. Соның үшін қазақ қауымы "жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары" дейді. Ру, тайпа және жүздің шежіресін таратып айта алатын адамдар халық ішінде құрметтеліп "шежірешілер" деп аталды. Ерте заманда шежіре ауызша түрде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілсе, XVIII-XIX ғасырларда бірсыпыра шежірелік жинақтар таспаға түсірілген. Олар: "Көшен-Қарауыл шежіресі" (XVIII ғ.), "Жәңгір хан шежіресі" (1835), Ш.Уәлиханов жазып алған "Ұлы жүздің шежіресі" және т.б.

Сол сияқты XVIII ғасыр "ақындар поэзиясы ғасыры" деп аталған. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің өте құнды мұралары - ақын-жыраулардың өлең-жырларында халықтың өмір тіршілігі, көңіл-күйі, салт-санасы, өндірісі мен тұрмысы, мінез-құлық өлшемі, сол дәуірдің рухы бейнеленді. Олар халық басына келген қайғыға да, жұрт кенелген мерейге де ортақ болды. Ел басына ауыр күн туғанда шапқыншы жауларға қарсы жан аямай күресіп, елін қорғаған ерлерді дастан етіп жырлап отырды. XVIII ғасырда танымал болған Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей, Бұхар, Шал, Көтеш секілді жыраулар өз өмірінде ұшан-теңіз жыр шығарды. Қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын XVIII ғасырдағы атақты жырау Бұхар Қалқаманұлының (1668-1781) бірнеше шығармалары сақталған. Ол тәуелсіздікті сақтау және нығайту идеясын білдірген көрнекті дидактикалық өлең-толғаулар шығарған. Қазақ ханы Абылайды қолдап, әр түрлі даулар мен таластарды шешкен. Жырау қазақтың барлық үш жүзін біріктіріп, бір орталыққа қараған күшті мемлекет болуын армандады. Тәттіқара, Үмбетей, Шал, Көтеш сияқты жыраулардың жырлары халық жадында үзік-үзік сақталған. Үмбетейдің Бөгенбай батырдың қайтыс болуына арналған естіру жыры - жоқтауы белгілі. Үмбетей жоқтауында Бөгенбай - халық қорғаушысының мінсіз бейнесі. Ал Тәттіқара ақын қатардағы жауынгер ретінде көптеген шайқастарға қатысып, жорықта туған

толғауларында жауынгерлерді бостандық жолындағы күресте қандай да болсын қиыншылықтың алдында бас имеуге шақырады. Бұхар жырау

"Исатайдың өлердегі сөзі" сияқты шығармалары көтерілісті жан-жақты сипаттады. Сол сияқты Шернияз Жарылғапұлы (1817-1881) Кіші жүз қазақтарының

XVIII-XIX ғасырларда ақын-жыраулық поэзиямен қатар шығыстық ақындық дәстүр үлкен орын алды. Қазақтың дастандары араб-парсы әдебиетімен, фолькло-



XIX ғасырда қазақ әдебиеті ұлттық дарынды тұлғалардың көптігімен де, бір-біріне ұқсамайтын дара туындылардың сан қырлы сипатымен де ерекшеленді. Бұл дәуірде айтыс өнері дамып, даңқты ақындар Жанақ, Шөже, Орынбай, Түбек, Сүйінбай, Шернияз, Біржан, Бақтыбай, Жамбыл сияқты әйгілі ақындар қатары Сара, Ырысжан, Ұлбике, Тәрбие, Ақбала және басқалар сияқты ақын қыздардың есімдерімен толықты деуге болады. Түрі мен мазмұны жағынан айтыстар бір-біріне ұқсамайды. Олардың кейбіреулерінің негізгі мазмұнында халықтың өмірі, оның шаруашылық-тұрмыстық проблемалары, рулық қоғамдастықтың ерекшеліктері сөз болса, Біржан мен Сара айтысында қазақ әйелдеріне жеке бостандық беру мәселесі көтеріледі. Мұндай айтыстармен қатар бірін-бірі қалжыңмен қағыту, танысу, амандасу, көңіл көтеретін әзіл-оспаққа құрылған айтыс түрлері де аз кездеспейді.

Осы кезеңнің музыкалық мәдениетінде Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) өзіндік даралығымен көрінді. Ол 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісінің белсенді қатысушысы ғана емес, көтерілістің "жаны" мен "жылнамашысы" болды. Оның "Исатай көтерілісі",

отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің жырысы және ту көтерушісі болды. Жалынды жырларымен халықты күреске үндеді. Шығармалары қайшылыққа толы, күрделі тұлға саналған зар-заман ақындары да қазақ әдебиетінде өзіндік орын алады. Зар-заман ақындарының көрнекті өкілдері - Дулат Бабатайұлы (1802-1874), Шортанбай Қанайұлы (1818-1881), Мұрат Мөңкеұлы (1843-1909). Олар қазақ халқының өмірін ақиқатпен жырлаған ақындар болды. Ахмет Байтұрсынұлының "Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуында" деп тұжырымдағаны сияқты, бұл ақындар да қара басын күйтеген ақын емес, халқының үнімен елдің мұңын жеткізуші болды. Зар-заман ақындары өмір сүрген кезең патшаның отаршылдық саясаты дәуірлеп, қазақ жерінің нағыз талауға түскен кезі еді. Мәселен, Мұрат Мөңкеұлы "Үш қиян", "Сарыарқа", "Әттең, бір қатты дүние-ай" сияқты толғау-дастандары арқылы қазақ жерін отарлаушыларды батыл әшкерелеп, озбыр саясатқа қарсы тұрса, Дулат Бабатайұлы "Бейшара менің қазағым", "О, Сарыарқа, Сарыарқа" өлеңдері арқылы қазақтың ауыр тұрмысын бейнелейді.

рымен байланыста болды. Абай қазақтың классикалық әдебиетіне дастандар алып келді. ("Ескендір", "Масқұт", "Өзімнің әңгімесі"). Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) өзі туған ортадан шоқтығы биік тұрды. Оның пікірінше, әрбір ойлы адам қоршаған өмір шындығына өзінің саналы көзқарасын қалыптастыруға тиіс. Абайдың бүкіл шығармашылығы әрекетсіздік пен жалған ұятқа деген ымырасыздық идеяларына толы. Ол ел ішінде бірлік пен татулық болғанда ғана қоғамның негізгі күштері - ғылым, алдыңғы қатарлы идеялар, мәдениет толық көлемде дами алады және бүкілхалықтық игілік әкеледі деп санады. Қоғамды алға дамыту жолдарын үнемі іздестіріп отырды. Яғни, бұл даму егіншілікті, қолөнерді, сауданы дамытумен тығыз байланыстырылды. Ұлы ақын:

Егіннің ебін,  
Сауданың те гін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде"  
деген болатын. Сол сияқты ақын орыс әдебиеті мен мәдениетімен таныс болды. М.Ю. Лермонтов, А.С.Пушкин, Н.Крылов шығармаларын аударумен шұғылданды. Орыс әдебиеті үлгілерін қазақ халқы арасына тұңғыш таныстырушы болып, олардың өскелең идеяларын насихаттады.

Осы кезеңнің дара тұлғаларының бірі ретінде Ш.Уәлихановты (1835-1865) атаймыз. 1856 жылы Ш.Уәлиханов екі экспедицияға қатысады. Біреуі Орталық Тянь-Шань арқылы Алакөлден Ыстықкөлге дейінгі, екіншісі - дипломатиялық тапсырма бойынша Құлжаға сапар. 1857 жылы Уәлиханов Алатау қырғыздарына тағы да сапар шегіп, қырғыз халқының энциклопедиялық дастаны "Манасты" көшіріп алды. Ыстықкөлге экспедиция кезінде Ш.Уәлиханов тарихи деректермен қатар көненің көзі - ерте заман бұйымдарының құнды үлгілерін жинады. "Ыстықкөлге барған сапардың күнделігі", "Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы", "Қырғыздар туралы жазбалар" деген тарихи-этнографиялық туындылары жоғарыда аталған сапарларының нәтижесі болатын. Ш.Уәлихановтың ғылыми қызметі Орыс географиялық қоғамының назарын аударып, 1857 жылдың ақпанында ол қоғамның толық мүшелігіне қабылданады. Оның ғылыми мұрасы Қазақстанның және көп ұлтты Ресейдің, басқа да халықтардың проблемаларының өзекті тұстарын қамтиды. Шоқан

Орта Азия мен оған іргелес жатқан аймақтар халқының географиясын, этнографиясын мен фольклорын зерттеуге де үлкен үлес қосты. А.Құнанбаев пен Ш.Уәлиханов XIX ғасырдағы екі үлкен білім жүйесінің өкілдері болды: діни (мұсылмандық) және зайырлы (орыстық). Мектеп пен медреселерде діни білім беріліп, молдалар мен мұғалімдер даярланды. Медреселерде теологиялық діни білім философия, тарих, әдебиет, астрономия, медицина, математика, лингвистика пәндерін оқытса зайырлы оқу орындары қазақтарды Ресейге қызмет ету мен орыс мәдениетіне қызығушылық жолдарына салды. Олар отарлау аппараттарына шенеуніктер, аудармашылар, оқытушылар, әскерилер, дәрігерлер даярлады.

Орынбордағы зайырлы оқу орындарының бірін 1857 жылы танымал жанашыл-педагог, ағартушы Ы.Алтынсарин аяқтайды. Ы.Алтынсарин (1841-1889) бастамасымен және тікелей қатысуымен Қазақстанда халықтық азаматтық мектептер желісінің құрылуына қол жеткізілді. Ол, әсіресе, қолөнер және ауылшаруашылығы училищелерін ашуға көп күш-жігер жұмсап, байырғы халық арасынан Қазақстанның экономикалық дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға ерекше мән берді. Ы.Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің оқушыларына арнап "Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы" және "Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық" атты оқу құралдарын жазды. Орыс кластарына қазақ тілінен сабақ беріп, ол ұлттық әдебиет пен мәдениетті дамыту, қазақ әдебиетінің қалыптастыру жолында жемісті еңбек етті.

XIX екінші жартысында Қазақстандағы музыка өнерінің дамуына Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы сияқты композитор-музыканттар үлкен үлес қосты. Домбыра, қобыз сыбызғы сияқты музыкалық аспаптар арқылы түрлі эпостарды, тарихи дастандарды, аңыз-әңгіме мен жырларды орындап отырды. Аталған композиторлардың дүниетанымы тарихи тұрғыда шектеулі бола тұрса да, олардың шығармаларында әлеуметтік қайшылықтар бейнеленді. Біржан Қожақұлы, Мұхит Мерлайев, Ақансері Қорамсаұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Құлтума Сармұратұлы сияқты және тағы басқа көптеген ақын, әнші, композиторлардың шығармашылық және орындаушылық шеберлігі арқасында қазақ өн мәдениетінің классикалық үлгілері дамып, жоғары дәрежеге көтерілді.

Материалдық мәдениеті: Қазақтардың XVIII-XIX ғасырлардағы материалдық мәдениетінің күйі қоғамның экономикалық даму деңгейімен анықталды. Оның даму барысына көшпелі қазақтар экономикасының дамуындағы басты фактор ретінде көшпелі мал шаруашылығы әсер етті. Бұл жағынан алғанда егіншілік, сауда-саттық, көрші халықтардың ықпалының маңыздылығы да аз болған жоқ.

Отырықшы халықтар өмірінде жер шаруашылығы үлкен рөл атқарса, көшпелі халықтарда мал шаруашылығы маңызды болды. Қазақ көшпенділерінің салт-дәстүрі, діни-наным сенімі, тұрмысы көшпенділік өмірмен тікелей байланысып жатты. Көшіп-қону мал өсірушілерге маусымдық жақсы жайылымдарды пайдаланып отыруға мүмкіндік берді. Көшіп-қону көбінесе меридиан (оңтүстіктен солтүстікке) бағытымен жүрді. Ірі рулар мен олардың бөлімшелерінің қоныстары негізінен бір территорияда болды. Әрбір рудың өзінің көш жолдары болды. Қазақтың мал шаруашылығының өріс, қоныстары жылдың төрт маусымына қарай қыстау, көктеу, жайлау және күзеу деп төртке бөлінді. Жаздық жайылым қазақтардың ортақ пайдалануында болып келсе, көктеу мен күзеу бір орында болды. Қыстауда



Басы 4-бетте

малшылар құйма кесектен қаланған үйлерде қыстады, жылдың басқа мезгілдерінде киіз үйлерде тұрды. Киіз үй – көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан-қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй. Оның қабырғасы айқыш сағанақтардан көктелген керегеден тұрғызылды. Кереге жиналмалы болып бөлек-бөлек қанаттан жасалды. Ал керегеден жоғары сидам жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан қаусырыла күмбез шығарылды. Уықтардың аяғы дөңгелене жайылған керегенің аша басына айқастыра байланып, ұшы (қаламшасы) шаңырақтың көзіне шаншалылды. Шаңырақ - үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Үй ағашының сыртынан арнаулы киіздер, қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түндік жабылды. Үйдің ортасында ошағы, оң жағында төсек, оның тұсында тұшкыз ұсталып, төсекті қоршап тұрмылдық тартылады. Үйдің төріне жұқаяқ қойылып, оның үстіне көрпе-жастық жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазан-аяқ, саба сияқты ыдыстар қойылып, ол шимен қоршалған.

Көшпелі мал шаруашылығына күрделі еңбек құралдары керек болған жоқ. Жылқы ұстау үшін құрық, арқан пайдаланылды, қайыстан немесе жылқының жал-құйрығынан тұсау мен шідер жасалды, құлын мен бота байлауға жуан арқан мен ноқта пайдаланылса, мал сұғаруға науа мен қауға пайдаланылды. XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласына орыстардың қыста шөп дайындауға арналған шалғылары біртіндеп тарала берді. Ал, XIX ғасырдың орта шенінде шалғымен қоса темір айыр да кеңінен қолданыла бастады.

Қазақстанда суармалы егіншіліктің ежелгі ошақтары ертеден болып келген. Осыған байланысты қазақтарда егіншілік құралдарының қарапайым түрлері болды. Мәселен, тісағаш, егін оратын орақ, ағаш күрек, сыпыртқы егіншілік құралдарына жатқызылды. Егісті сұғару үшін суды көтеріп шығаратын әр түрлі құралдар – атпа, шығыр, сондай-ақ кетпендер мен күректер пайдаланылды. Оларды жергілікті ұсталар өздері дайындап отырды.

Салт атқа арналған әбзелдерді қоспағанда қазақтың мал шаруашылығына және егіншілікке байланысты негізгі еңбек құралдары Қазақстанның бүкіл аумағында бір-бірімен ұқсас болды. Қазақтың ат-тұрман әбзелінің ішіндегі ердің сыртқы түрі мен дайындау тәсілінде жергілікті ерекшеліктер байқалады. Ердің ең көп таралған түрі – қайыңнан шауып жасалған, алдыңғы қанаты кең “қазақ ері” болып табылады. Оңтүстік Қазақстанда ердің “құранды ер” дейтін түрі таралған. Ер-тұрман әбзелдерін жасау, негізінен, ершілердің ісі болған. Олар тек қана ердің өзін емес, сонымен бірге бүкіл ат әбзелдерінің бәрін – тоқым, құйысқан, өмілдірік, жүген, айыл, үзеңгі, таралғы, қамшы және т.б. жасап, оларды әсемдеп, көркемдеп отырған. Сондай-ақ қайыстан ат-тұрман әбзелдерін өретін шеберлерді “өрімші” деп атаған.

Қазақтардағы көшпелі тұрмысқа бейім шаруашылықтың үстемдігі алуан түрлі қолөнерінің – тоқымашылықтың, киіз басудың, ағаш, металл, тері, сүйек және мүйіз өңдеудің дамуына себепші болды. Тоқымашылықпен және киіз басумен көбіне әйелдер айналысты, олар негізінен алғанда үйге керек-жарақтардың тоқымашылық пен ісмерлікке қатысты заттарын: кілемдер, алашалар, шекпендер, киіз үй ішіндегі алуан түрлі басқұрлар, бау-шулар, текеметтер, сырмақтар, аяққаптар және т.б. дайындады.

Қыстаулардағы отырықшылыққа бейімделген тұрғын үйлердің дамуы, үй-жайлар санының көбеюі және орыс мәдениетінің ықпалы тұрғын үйлердегі керек-жарақтардың өдеуір өзгерісіне әкеп соқты. Дәстүрлі үй бұйымдарының орнына әйнектелген ыдыс қоятын шағын шкафтар, жақтаулы ағаш кереуеттер, іші құлыпталатын әр

# XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ



түрлі сандықтар пайда болды. Қазақтардың ұлттық киімінде этнографиялық белгілері сақталып қалғанымен, олардың да пішіні мен түрлеріне өзгерістер енді. Ер адамдар бітеу пішілген, кеудесінде тік өңір қақпағы бар, жалпақ қайырма жағалы, етегі біршама ұзын көйлек киетін болды. Ер адамдардың көп таралған сыртқы киімінің түрі шапан болды. Ол көбінесе фабрикалық маталардан тігілді. Ауқатты қазақтар түрлі-түсті бұқара жібегінен, барқыттан қымбат матамен әдіптеп тігілген шапан киді. Қазақтар әдемі “мәуіті шапан” мен “мәуіті шекпен” де дайындады. Олардың қос шабуынан өрнек салынды. Шабудың төменгі жағынан тілік қалдырылып, жұқа түйе жүннің тоқымасынан тігілді. Қазақстанның барлық облыстарында қазақтардың кеңінен қолданылған қысқы сырт киімінің ежелгі түрлерінің бірі – күпі көктемде қырқылған түйе немесе қой жүнінен дайындалды. Сырт киетін қысқы киімнің қадірлісі аң және үй жануарларының терісінен тігілген ішіктер болды. Қазақтардың көбінің қолы жететін және кең таралған қысқы киім түрі қой терісінен өңделіп, жүні ішіне қаратып тігілген тон болды. Енді аяқ киім түрлеріне келетін болсақ, қазақтардың негізгі аяқ киімі былғары етік, кебісті мәсілер болды. XVIII ғасырда қазақтардың жазда киетін өкшесі биік, тұмсығы қақы етіктері XIX ғасырдың екінші жартысында жоғала бастады. Барлық жастағы ер адамдар қыс кезінде негізінен ішінде киіз байпағы бар ұзын қонышты саптама етік киді. Неғұрлым ауқаттылары жаз кезінде былғары кебісті бар мәсі киіп жүрді. Бұл аяқ киімдердің барлығы оң және сол аяқ деп бөлінбей бірдей тігілетін. Бас киім түрлеріне келетін болсақ, ересек ер адамдардың барлығы шаштарын алдырып, басына тақия, тебетей киді. Бұның сыртынан тігілген терісіне сәйкес сусар, пұшпақ және елтірі деп аталатын бөріктер киді. Әйелдердің киімдері жас ерекшеліктеріне сәйкес бір-бірінен біршама ерекше сәнді киініп, киімдерінің сыртынан тағатын кемер белдіктерін күміспен күптеп, алтынмен аптап, қымбат бағалы тастармен әшекейлеп отырды. Әйелдердің жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты бас киімдері де ерекше болды. Мәселен, жас қыздар шетшөттегі моншақан немесе бағалы металдан шекелік тағылған, бай нақышты үкілі тебетей - “қасаба” киді. Ұзатылған қыздың бас киімі сәукеле бір жылдан соң ақ мақта-матадан дайындалған кимешекпен ауыстырылатын еді.

Мал шаруашылығына негізделген қазақтардың тұрмысы олардың ішетін тамақтары мен ыдыс-аяқтарынан айқын көрінеді. Негізгі тамақтары ет-сүт өнімдері болды. Қазақтар ыдыс пен керек-жарақтарды көбінесе сынбайтын материалдардан: ағаштан, теріден, киізден және шұғадан жасаған. Олар: торсық, саба, күбі, қазан, таба, ожау, астау, ағаш табақтар, мес, мал сауға арналған көнек және т.б. Көшпен кездерінде ыдыс-аяқты сыртқы беті түрлі-түсті құрақтармен өрнектелген арнаулы киіз қаптарда (аяққаптарда) сақтаған. Сусымалы мал өнімдері үшін тоқыма қаптар дайындалған. Сүр ет пен сары майды ағаштан жасалған кебелерде сақтаған.

Сөйтіп, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырда қазақтардың рухани

және материалдық мәдениетінде көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-салтына байланысты дәстүрлі ерекшеліктер сақталып қалды. Шіркін! Қазақ оюлары, қазақ тілі, қазақ халқы, қазақтың құндылықтары десе нағыз қазақша жырлағым кеп тұрады. Әрине қазақтың қара өлеңінен аса қатты хабарым болмаса да, бірақ әрине кейде денем рухтанып, қатты шабыттанып кетсем қара өлеңді қалай шығарғанымызды өзім де білмей қаламын. Алайда шүкір, жазудан қалыс емеспін. Керек болса, еліме арнап, құндылықтарыма арнап бір том кітап жаза алмасам да, бір шығарма арнап жаза алатын күшім бар.

Менің қазақ оюларыма саф алтынның өзі де тең келмейді ғой. Ең алдымен, шүкір... Өз еліміздің өзіне тән белгісі, нышаны бар. Әлем қазақ елін осы оюмен, оюлы домбырасымен және оюлы көк туымен таниды. Әрине, ең танымалдарынан бастауды жөн көрдім. Осылардың өзі-ақ қазақты әлемге танытып үлгерді. Мысалы, спортшыларымыз көк туымызбен әлемдік аренада шарықтамағанда, біздің сол көк туымызды бәлкім ешкім танымаста ма еді? Жастарымыз шетелде жүріп, домбыраны қолға алып шертпегенде, қара домбыраны бәлкім ешкім танымаста ма еді? Ұлттық мерекеміз Наурызымыз әлемдік деңгейде тойланбағанда, оюлы көйлектеріміз бен тақияларымыз киіліп, көше бойын қазақтың бұлбұл өндерімен аралап, сайрамағанда шетел жұрты ою былай тұрсын, қазақ деген ұлт барын білмес те ме еді?

Тәуелсіздік заманы орнап, ұлт қорғаны – ұлттық құндылықтарымызда одан әрі нығая, таныла түсті. Әрине, бұның бәрінің негізін салып кеткен ата-бабаларымыз болса, ізін одан әрі жалғастырушы – мына біз жастар болуымыз керек деп есептеймін. Иә, біз ұлт үшін күресіп жүріп, ұлттық құндылықтарымызды қазіргі бейбітшілік заманымызға дейін жоймай, сақтап, ұрпаққа мұра қылып қалдырып кеткен ата-бабаларымызға мың сан рет алғыс айтасақ та аз екені белгілі. Себебі ол кісілердің осындай ерлігін, еліне деген шексіз ұлтшылдығын ешкімде қайталай алмаспыз анық. Олардың сол ұлтшылдығының көріністері еліміздің ең басты құндылықтарының бірі – кітаптарымыздан белгілі.

Ұлттық құндылықтарымыздың қатарына салт-дәстүрлерімізді, ана тілімізді, мәдениетімізді, әдебиетімізді, жырларымызды да топтастыруға болады. Иә, басқа елдер секілді біздің де өз менталитетіміз бар. Мен байырғы заманғы қазақ халқында да, қазіргі заманғы қазақ халқында қарапайымдылығымен жақсы көремін. Және бағалмаймын. Адалдық пен ақкөңілділік және қонақжайлылық әсіресе қазақтың бойынан табуға болатын көріністер деп есептеймін. Себебі, Алматы деген үлкен шаһарда жүргеннен кейін де маған қазақтардың тең жартысы осы жақта жүргендей бөп көрінеді. Және осы қаладағы қазақтардан көбіне қоғамда, қоғамдық көліктерде де байқайтыным да, күтетінім де – қарапайымдылық.

Мәселен, байқағаным... Бүгін қоғамдық көлікке бір үлкен әжей мінгелі тұр екен. Бір қолында – жол сөмкесі, бір қолында – қол сөмкесі. Асылында, қолындағы сөмкелері ауыр. Бірақ, сол арада әжейге көмектесетіндер де табыла кетті. Жасы отыздар шамасындағы қыз бен он-он бір шамасындағы қыз бала екеуі, бірі жол сөмкесін ұстап, бірі әжейді қолтығынан демеп, қоғамдық көлікке отырғызды. Және онымен шектелмей, әжейге

«Қай орындық ыңғайлы?», «Жақсысызба?» деп өңірің қасында онымен танысып, өңімеге жалғасты. Қалай қуанғанымызды көрсеніз ғой! Мейірімділік бар екен ғой, Аллаға шүкір, – деп өзімнен өзім мез болып, жымылып отырмын. Міне, нағыз қазақ деген халықтың бейнесі осы емес пе?

Жалпы бұл ғана емес, мен осындай көріністерді көп кездестіремін. Әсіресе, қоғамдық көлікпен көп жүретін болғандықтан шығар, көбіне байқайтыным, жастардың үлкендерге орын беріп, сыйластық танытуы. Студенттер, мектеп оқушыларына дейін үлкен кісілерге орын беріп жатады. Осындайда қатты қуанамын.

Міне, қазақ қоғамында осындай керемет көріністер орын алуы да құнды дүние. Бұл – нағыз қазаққа сай менталитет деп атар едім. Қазақтың қонақжайлылығын мойындамайтын ел жоқ шығар. Мен көз көрген қай қазақ болсын, құшағын жайып тұрады ғо, шіркін! Бұл да ата-бабамыздан сіңісіп кеткен ең көркем, нағыз бүкіл адамгершілікті қамтитын көрініс деп ойлаймын. Шетелдік достарым да қазақтың қонақжайлылығына әлі күнге дейін қызыға да қызғана қарайды.

Ұлттық құндылығының ең маңыздысы, ең қазынасы – тіліміз деп айтсам артық айтпаған болар едім. Тілі жоқ халық, тілін құрметтемеген, білмеген халық – сақау халық. Бұл менің тіл турасындағы өте ащы ұстанымым.

Тіл дегенде ең алдымен, ел қорғаны, тілдің нағыз жанашыры, қазақтың біртуар азаматы Бауыржан атамиз бен бергі замандағы қазақ тілінің нағыз жанашыры, өзі өзге ұл өкілі болса да, қазақ тілі десе жанын беруге дайын тұратын қоғамның жанашыры Оғыз Доған ағамыз есіме түседі. Бауыржан атамиз ана тілімен шырылдап, ана тілімен өмір сүріп, өзгеге талап етіп те сөйлеткен ең талапшыл адам болғанын құндылықтарымыз кітаптардан оқуға, көріп білуге болады. Одан берімен қарайғы Оғыз Доғанды да айтпай кептеуге болмас деп ойлаймын. Жер үстіндегі қазақ былай тұрсын, әуедегі қазаққа да өз ана тілінде сөйлеуді талап еткен, бірден-бір ел, тіл патриоты.

Иә, бірақ шүкір, қазіргі таңда қытайыңа дейін қазақ тілін үйреніп, өзінше талпынып жүргендігі де қуантады. Әлем халқының өзі қазақтың тілін үйреніп, игеріп те жүр. Әрине, бұл зор мақтаныш. Өз ұлтыңмен қоса, өзге ұлтың да жарысып, сенің тіліңді үйреніп жүрсе қатты қуанады екенсің.

Қазіргі таңда туған ана тіліміз даму қарқыны, өз дәрежесін жоғалтпай келе жатқандығының дәлелі – қазір көшемізде, жер – жерде қазақша қызмет көрсететіндер табыла кететіндігі. Неге олай айттым? Иә, себебі бұдан 7-8 жыл бұрын бұндай заман болмап еді. Яғни, ол замандарда қоғамымызда ана тілімізден гөрі орыс тілімізде сөйлейтіндер де, қызмет көрсететіндерде қаптаған орыстар еді. Сол кезде қатты күйінетін едім. Бірақ қазір, шүкір. Барлық жерде үш тілде қалыспай қызмет көрсетіліп келе жатыр.

Ең бастысы, тіліміздің болашағына деген сеніміміз күшейіп келе жатыр. Туған тіліміз – ең басты ұндылығымыз деп есептейтінім де осыдан шығар бәлкім? Қазақ халқы ертеден мәдениеті мен әдебиетін жоғалтпаған, сақтаған, дәріптеген халықпыз. Тіпті бұны шетел ғалымдары мен зерттеушілері де мойындап кеткен.

Шіркін, қазақ деген ертеден сондай ырымшыл, мәдениетті, салт-дәстүрге берік, бауырына бауырын беріп, қызын қонағындай сыйлаған, тарихын сақтаған, бүгінге шүкір етіп, ертеңіне үмітпен қараған, қонағын төрге шығарып, сол қонағына құшағын кең ашқан ұлы халық қой! Қарап отырсаң, нағыз ұлттың белгісі емес пе!? Ұлтшылдық пен ұлылық та бар біздің елде... Нағыз ұлылар кесіп өткен дархан дала да бар біздің елде... Нағыз ұлтшылдар жүріп өткен ұлы қалалар

да бар бізде... Небір шешендер мен көсемдер қалдырып кеткен өнегелі өсиеттер де бар бізде... Сондай шешендердің арқасында да еліміз осындай еңсесі биік алтын ордаға айналды емес пе!?

Өнер десе ішкен асын жерге қоймайтын қазақ жоқ шығар, сірә? Еліміздің әу демеітін қазақ жоқ, домбыраны қолға алмайтын да қазақ жоқ, мыңбұралып билейтін кербез қыз бен ел қазынасы – атақ жаны жақын емес жігіт те де жоқ, шығар? Иә, бұның бәрі сайып келгенде өнерге кіреді. Сонда көрдіңізбе, қазақтың өнер саласы да осал емес.

Мен жиі баратын қазақтың киелі шаңырақтары – ұлттық кітапханасы, ұлттық театры, ұлттық мұражайлары да осы құндылықтар арасына еш ойланбастан қосар едім. Бұл үшеуі бір-біріне біте қайнасқан, қазақ елінің ең басты – қазыналары. Бұл ұш қазына болмаса, қазақ көзсоқыр, сауатсыз да боп жүрер ме еді? Өткен ғасырдағы ұлы жауһарларымыз секілді қазіргі қазақ жастары да ұлттық кітапхана, ұлттық театр, ұлттық мұражай деген киелі жерлердің айналасында көп жүріп, соларды көп көріп, көп оқып жүрсе, бәлкім, болашақта сол жастарымыз да Мұхтардың Абайға арнап жазған том-том кітабы секілді, сол жастар да болашақта бір-біріне арнап дәл солай том-том кітап жазып жүрер еді. Онда демек, құндылықтарымыз да одан әрі асқақтай түсері сөзсіз.

Абай демекші, қазақтың қара өлеңдерін жырлайтын болсам... Жоқ, кітап жазу керек шығар. Мүмкін, жазармыз... Олар да өскелең ұрпаққа арнап асыл қазыналар жазды ғой.

Ұлт қорғаны бола алатын ұлттық құндылықтар деп мен Абайдың қарасөздерін, ұлт зиялыларының шығармаларын, қазақ елін жығға қосқан сан түрлі жырауларымыздың жырларын, соғыс жылдарындағы батырларымыздың қанмен жазылған өлеңдерін жазушыларымыздың қазақ қоғамының өмірін суреттей білген қисынды романдарын, әуезді ақындарымыздың әуелі қара өлеңдерін, күмбез күйшілердің күйлерін де атай алар едім. Себебі, бұл жоғарыдағы әр тұлғаның туындылары болмағанда, шыққан тегіміз бен руымызды, тіпті тарихымыздың қайдан шыққанын білмей отыратын едік. Бес ғасыр жырлайтын сол туындылардың да өскелең ұрпақтың қолына жетіп, солармен танысуының өзі де сол ата-бабаларымыздың арманының орындалғандығының бір белгісі деп білемін.

Сол ұлттық құндылықтарымыздың қазіргі қоғам жастарына беретін тәрбиесі тек қазақшылық, ұлтшылдық деп ойлаймын. Біз қазақ деген ұлылардың ұрпағы болғаннан кейін де ұлттық құндылықтарымызды ата-бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтағанындай бізде одан әрі сақтап, тек биікте ұстауымыз керек. Тек қазақшылықпен өмір сүріп, сырттан келген қандай да болсын ағымдарға, сырттан келген қандай да болсын сәндерге еріп кетпей, өз қазақшылығымыз бойынша өмір сүрсе бұл да құндылығымызды сақтағанымыздың және өз құндылығымызды жоғалтпауымыздың бірден-бір ең әдемі көрінісі деп санаймын.

Сайып келгенде, XXI ғасыр – жастардың ғасыры демекші, сол жастар да елдің құндылықтары үшін еңбек етуі керек. Рухани жаңғырып, Мәңгілік ел болу үшін құндылықтарымызды мәңгілік сақтап, өзімізден кейінгі ұрпақтарға мәңгілікке табыс етуіміз керек. Себебі ұлттық құндылықтар – ұлттың қазынасы.

Сонымен, қорыта айтқанда, 1867-1868 жж. әкімшілік реформасы Ресейдің қазақ жеріндегі саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық үстемдігін нығайту болса, ал қоныс аударушы орыс шаруаларын жаңа елдерде өзінің саяси-әлеуметтік тірегіне айналдыра отырып, қазақтардың рухани және мәдени дамуына ықпал жасау арқылы оларды орыстандыру, шоқындыру негізінде империяның тұтастығын күшейтуді көздеді.

Г. САЙМАСАЙҚЫЗЫ

# БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ ТУРАЛЫ



**Бруцеллез – бұл жүйке, жүрек - қантамыр жүйелерінің, сонымен бірге тірек - қимыл аппаратының зақымдалуымен, ұзақ ағыммен сипатталатын жұқпалы дерт.**

Бруцеллездың негізгі жұқпа көздері – қой, ешкі, сиыр, шошқа. Бруцеллезбен науқастанған адам жұқпалы емес, яғни кесел ауру адамнан сау адамға берілмейді. Бруцеллез жануарлардан адамға әр-түрлі жолдармен беріледі. Адамдар бруцеллезді ауру малды күткенде, жеке бас гигиенасы ережелерін сақтамааса, ауру мал бөліністерімен залалданған құралдармен тікелей қатынасқа, малдың жүнін қырку, малды сою, терісін сығыру, мал төлдету кезінде малдың шуы, қағанақ суымен қатынаста болғанда, туған қозыны ауыздандырып емізу кезінде жиі жұқтырып алады. Сонымен бірге ауру сиыр, ешкі, қойдың қайнамаған сүтін немесе толық термикалық өңдеуден өтпеген өнімдерді тағам ретінде пайдаланғанда ауру жұғуы мүмкін.

Бруцеллездің салдары: Аурудан сауығу жіті және созылмалы түрден кейін де болады, бірақ бәрібір буын, омыртқа немесе ішкі мүшелердің өзгерістері болуы мүмкін. Жиі жағдайда ірі буындарда түрін және қызметін өзгертетін өзгерістер қалыптасады.

Бруцелла бактериясы организмге түскесін 6-10 күн ішінде қан ағзасы арқылы лимфа түйіндеріне кіріп 10-15 күнде көбейеді, 20-30 күннен кейін қанға тарап, нерв жүйесін, буындар, бұлшық еттерді, эндокриндік жүйесін бездерін зақымдайды.

Бір айдан кейін дене қызуы көтеріліп, кешке қарай безгек пайда болады. Бұл кезде науқаста қалтырау, көп терлеу, қажып-шаршау, әлсіздену, сүйек-буын және бұлшық еттер ауырлығы байқалады.

Ауруды дер кезінде емдесе одан жазылып кетуге болады. Аурудың алғашқы белгілері байқалғасын уақыт өткізбей дәрігерге қаралып арнаулы емін алған жөн, кешігіп қалған

жағдайда организмнің көптеген органдары зақымданып, емдеуді қиындатып мүгедектікке апаруы мүмкін.

Бруцеллезбен ауырғанда өлімге әкеп соқтыратын жағдайлар аз. Науқас ауруы асқынған жағдайда (буын қозғалысының шектелуі) еңбекке жарамсыз болып қалуы мүмкін. Ми зақымданғанда еңбекке жарамдылығы төмендейді.

Адамға жұғу сәттері: төлдеу уақытында, ауру жануарлардың толғақ жолдарынан шығатын ұрық жанындағы сулармен байланыста;

ауру жануарлармен оларды күту және қырку кезінде олардың несіптерімен, нәжістерімен байланыста;

ауру жануарлардың терілерін, сүттерін, жүнін, етін ұстау кезінде;

ауру жануарлардың қайнамаған сүтін одан дайындалған ішкі сүт өнімдерін тамаққа қолданудан;

ауру жануарлардың тұрған бөлмелерін тазарту оларды қырку кезінде құрамында бруцелласы бар тозан бөлшектерін тыныстау кезінде; зертханаларда бруцелламен жұмыс істегенде.

Бруцеллездің алдын алу шаралары:

1. Жануарлар күтіміне байланысты барлық жұмыстарды, әсіресе төлдеу науқанында арнайы қорғаныш киімдерін (арнайы киім, аяқ киім, қолғап) киюмен жүргізу, бруцеллез ауруының алдын алу және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау;

2. Тағам ретінде сапалы термиялық өңдеуден өткен ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін қолдану;

3. Мал дәрігерлік анықтамасыз сүт және сүт өнімдерін бейберекет сауда орындарынан ешқашан сатып алмау;

4. Малды жайлауға шығарар алдында міндетті түрде бруцеллезге тексерту.

**Е.СЕЙСЕМБИНОВ,**  
Ескелді аудандық СЭББ басшысы

Ауыл шаруашылығы жануарларының Күл ауруы (*Variola*, *оста*) – интоксикация, безгектену, кілегей қабықтары мен теріде бөртпелердің пайда болу белгілерімен ерекшеленетін аса жұқпалы, жануарлар мен құсқа ортақ вирустық ауру. Клиникалық белгілері. Клиникалық белгілері арқылы күлдің классикалық түрін балау көп қиындық тудырмайды. Вирус эпителиотропты, ауруға тән белгілер бірнеше сатыда байқалады. Кілегей қабықтары мен теріде алдымен 1-2 күн ішінде 1) розеолдар (қызарған дақтар); 1-3 күн аралығында 2) папулалар (қызыл дақтардың түйіндеріне айналуы); 5-6 күнде сарысуға толған 3) күлдіреуіктер пайда болады (бұл сатыда дененің безгектенуі бәсеңсиді); келесі 3 күн ішінде күлдіреуіктегі сарысу іріңге айналады (визуал-пустула сатысы); 4) круст - кепкен пустуланың орнына қабыршықтар түзіліп, эпителий қалпына келеді. Ал өте терең жарақаттанғанда тыртық пайда болып, қабыршықтар түседі. Индеттен ада шаруашылықтарда күлге тән болжамдар байқалған жағдайда, аурудың түбегейлі балауы зертханалық әдістерді қолдану арқылы расталынады. Дерттенуі. Вирус денеге тері арқылы және ауыз бен тыныс жолдарының кілегейлі қабықтары арқылы енеді. Теріден оның жарақаттанған немесе сызат түскен жерлерінен өтеді, ал *A. lipovitchi* кезінде зақымданбаған теріден де өтуіне мүмкіндігі бар. Қанда вирустың көбеюіне байланысты аурудың баспақты кезеңі дененің ыстығы көтеріліп, көрінетін кілегейлі қабықтарының қызарып, танаудан сүйіктің бөлінуі арқылы байқалады. Әр түрлі

# КҮЛ – ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

жануарларда сол түліктің ерекшеліктеріне, жасына, вирустың уыттылығына, денеге енген жолына байланысты күлдің клиникалық байқалуы әр алуан болып келеді. Қойда өлім көрсеткіші әдетте 2-3% шамасында. Тұтасқан, әсіресе қанталаған, күл кезінде ауырған малдың өлімі 100%-ға дейін жетуі мүмкін. Ешкіде күл негізінен индет ретінде жіті өтіп, ауырған мал, әсіресе лақтар 25%-ға дейін өлімге ұшырайды. Ауру асқынғанда өлім көрсеткіші 80%-ға дейін барады. Дауалау және күресу шаралары. Күлдің алдын алу үшін ветеринарлық-санитарлық шараларды қатаң сақтау қажет. Жаңадан әкелінген малды карантинде ұстап, алысқа айдағанда басқа малмен жанасуына жол бермеу керек. Сау емес шаруашылықтағы барлық мал егілуге тиіс. Құс өсіретін шаруашылықтарда жаңадан әкелінген құс 30 күн карантинде болады. Құс әкелінгенде босаған қоражай мұқият санитарлық тазалаудан өткізіліп, дезинфекцияланады. Күл байқалған қой, ешкі, түйе, құс өсіретін шаруашы-лықтарға карантин, ал сиыр, шошқа, жылқы және басқа мал түліктерін өсіретін шаруашылықтарға шектеу қойылады. Ауырған және күдікті жануарларды бөліп алып емдейді. Клиникалық тұрғыдан сау қой мен ешкіні басқа қораға өктемді, егер жайылымда болса жайылымын ауыстырады да, күлге қарсы вакцинамен егеді. Қораны 3% күйдіргіш натрий ерітіндісімен немесе 20% жаңадан сөндірілген ет тұнбасымен

дезинфекциялайды. Күлден өлген қой, ешкі, түйенің өлекесін терісімен, жүнімен бірге өртейді. Сау емес отардан алынған сүтті 80°C кезінде 30 мин пастерлеп немесе 5 мин қайнатып шаруашылықтың өзінде ғана пайдаланады. Аталған түліктердің ишегі байқалған шаруашылықтың төңірегі қатер төнген аймақ деп есептеліп, индет ошағы жойылғаннан кейін де 3 жыл бойы сақтық евоциналау жүргізіледі. Сиыр, шошқа, жылқыда байқалғанда индеттің кең таралуына байланысты қанталаған егеді. Карантин күлмен ауырған соңғы қой, ешкі немесе түйе толық жазылған соң, болмаса өлген немесе сойылған соң 20 күн өткенде алынады. Карантин алғанда қорытынды дезинфекция жасалып, жануарлардың үстері зарарсыздандырылады. Шектеу сыырдың ишегі кезінде 20 күн өткен соң, ал шошқаның ишегі кезінде 14 күн өткенде, карантинді тоқтатардағы шарттарды орындап барып, алынады. Мал шаруашылығымен айналысатын барлық жеке және заңды тұлғалар қолдағы барлық малды, әсіресе жаңадан сатып алған (өкелеген) малды міндетті түрде жергілікті әкімдікке тіркеуі, ветеринарлық ұйымдарға хабарлауы және шаруашылықтарда профилактикалық шаралардың атқарылуына көмек көрсетулері тиісті.

**Мөлдір УАЛИХАНОВНА,**  
Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы

# ҚЫЗЫЛША ЖҰҚПАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



**Бүгінгі таңда республикада, оның ішінде Жетісу облысында қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақсыз болып қалуда және өкімшілік аумақтардың елді мекендері бойынша инфекция өртүрлі қарқындылықпен таралуда. Жетісу облысында қызылшаның алғашқы нақтамасымен 457 жағдайы тіркелді, оның ішінде 319 (70,3%) жағдай расталды. Негізінен 83,4% аурушандық вакцинацияланбаған адамдар арасында тіркелді.** Ескелді ауданы бойынша алғашқы нақтамасымен қызылша жұқпасының 21 жағдайы тіркелді, оның ішінде 17 (85,7%) жағдайы зертханамен

расталды. Жұқпа ошақтарында қызылшаға қарсы екпеден бас тартқан адамдар өздерінің туыстары мен жақындарының қызылшаға шалдығу өкіміне айналды.

Аурудың егілмеген барлық балалар мен ересеткерге қауіп бар. Көбінесе ересеткерде қызылша ауыр ағымда өтеді. Соңғы кезде вакцинацияның қарсыластары пайда болған: ата – аналар балаларын ектіруден бас тартады, себебі екпенің салдары туралы жалған пікірлерден қорқады. Екпенің қарсыластары ғылыми немесе медициналық тұрғыдан дәлелденбеген, өздерінің дәлелі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалаларға сүйенеді.

Қазақстанда қызылшамен қолайсыз эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру үшін 1 қараашадан бастап тұрғылықты жері бойынша емханаларда қосымша жаппай иммунитеттен басталды. Егілуге жататын контингенттер: қызылшаға қарсы егу мәртебесіне қарамастан, 6 айдан бастап 10 ай 29 күнге дейінгі, 2 жасдан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балалар, сондай-ақ

қызылшаға қарсы профилактикалық иммунитетке жетпейтін медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері, егілетін адамның немесе ата-анасының (заңды өкілдерінің) хабардар етілген келісімін алғаннан кейін қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы қосымша жаппай иммунитетке жүргізіледі.

Қазақстанда тұрғындарды иммунитетке Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен сертифицирталған вакциналар қолданылады. Заң міндетті вакцинациялауға күштеп немесе өріксіз көндірмейді. Егуді жүргізуге келісім беру тек ата – ананың құқында, бірақ екпеден бас тарту арқылы олар баланы егілігі және дені сау болу құқығынан айырады.

Инфекцияға қарсы ең қол жетімді және тиімді шара тек вакцинация.

Вакцинацияның рөлін елеусіз қалдыруға болмайды: тиісті вакцинация болшақта осындай қауіпті аурудың алдын алады.

**Е.СЕЙСЕМБИНОВ,**  
Ескелді аудандық СЭББ басшысы

# ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА 10 АЙ ІШІНДЕ МӘМС АЯСЫНДА ШАМАМЕН 4,5 МЛН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРДЫ



Қазір МӘМС қаражаты есебінен адамдар бұрын тек ақылы түрде қолжетімді болатын медициналық қызметтерді ала алады. 2023 жылдың 10 айында Жетісу облысы бойынша салалық мамандардың 4,5 млн кеңесі мен диагностикалық тексерулер, соның ішінде қымбат тексерулер – КТ, МРТ көрсетілді.

«Үш жыл бұрын мұндай қымбат диагностика азаматтардың жекелеген санаттарына ғана тегін көрсетілді және оны ұсынатын медициналық ұйымдар санаулы болды. Ал қазіргі таңда жеке меншік клиникалар заманауи жабдықтарға, сервистік бөлікке

инвестициялар сала отырып, медициналық қызметтер тізбесін белсенді түрде кеңейтуде», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Жетісу облысы бойынша филиалының директоры Иван Самойленко.

Был өңірде жоғары технологиялық көмек көрсету көлемі де артқан. Атап айтсақ, облыс бойынша осы жылдың 10 айында 366 қымбат операциялар жасалды.

Осылайша, МӘМС жүйесі медициналық қызметтердің кең тізбесін алуға барынша қолайлы жағдайлар жасауда. Енді медициналық көмекті тікелей ұйымдастыру, клиникалар ішіндегі табысты менеджмент, пациенттерді дұрыс бағыттау сынды сұрақтар бірінші орынға шықты.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

# АУЫЗ-СУДЫҢ ГИГИЕНАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ РАЦИОНАЛДЫ СҰМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



Су дегеніміз – қалыпты жағдайда иісі, түсі, дәмі жоқ химиялық элемент. Ол дүние жүзінің ¼ бөлігін құрайды. Адам ағзасының 70-80% судан тұрады. Адам тағамсыз бес-жеті апта өмір сүре алады, ал сусыз – бір аптадан көп емес. Судың жеткіліксіздігі кезінде қан тамырлар тарылады, артериалды қан қысымы жоғарылайды. Суды күнделікті жеткілікті мөлшерде ішсе, ағзаны тек тазартып қана қоймай, бүкіл ағзаны жасартады. Әкімдер тегістемелді, тері серпімділігі жоғарылайды және ең бастысы – бас мынығы қызметі жақсартады, есте сақтау қабілеті күшейеді. Судың адам ағзасына пайдалы екені бөріне анық. Ғалымдардың есептеуі бойынша әр адам күнделікті 1,5-2 литр фильтрленген газдалмаған су ішу керек. Бірақ әр адамға өз нормасы бар, мысалы 55 килограмдық ересек адам күніне 1,5 л су ішу керек болса, 100 килограмдық салмағы бар адам 3 л су ішу керек.

Су көздері беткей және жерасты болып бөлінеді. Гигиеналық жағынан ең тиімді су көзіне жер асты су көздері жатады. Жер асты су көздері орналасуына байланысты грунттық және пластаралық болып бөлінеді. Грунттық судың астынан

су өткізбейтін ложасы бар, бірақ жоғарғы жағынан мұндай қабаты жоқ, яғни жаңбыр суларының және жер беткі су көздерінің фильтраты болып табылады. Пластаралық сулар су өткізбейтін ложасы мен су өткізбейтін жабындысы бар болуымен сипатталады. Егер ложа мен жабынды аралық кеңістікте су жартылай толса – қысымсыз, ал егер толық сумен толса – пластаралық қысымды су деп аталады. Беткей су көздеріне өзендер, каналдар, көлдер, су қоймалары жатады.

Халықты сумен қамтамасыз ету орталықтанбаған және орталықтанбаған су жүйелері арқылы іске асады. Орталықтанбаған су жүйесі (су құбыры) дегеніміз – ауыз суды алу, дайындау, сақтау және қолдану орындарына жеткізуге арналған құрылғылар, құбырлар жиынтығы. Жер саты су көздерінің су құбырлары келесілерден тұрады: су алу құрылғысы, бірінші көтерілімнің насосты станциясы, таза су резервуары, екінші көтерілімнің насосты станциясы, су қыбыры жүйесі. Аз дебитті су көздері немесе суды аз қолданылатын орындарда су мұнаралары қолданылады. Обсадтық трубамен бекітілген ұңғымалар вертикальді су алу түріне жатады. Ол 10 м кем емес тереңдікте орналасқан қысымды және қысымсыз су көздерін алу үшін тағайындалған. Санитарлық жағынан ұңғымға ең тиімді құрылыс болып келеді. Ұңғыманы бұрғылау екі түрлі әдіспен жүргізіледі: механикалық соқылау (колонкалық әдіс) және механикалық сүргілеу (роторлық әдіс).

Орталықтанбаған су жүйесі дегеніміз – қолдану орындарына жеткізбейтін ортақ немесе жеке қолданыстағы ауыз суды алу құрылғылары. Орталықтанбаған су жүйесінде қолданылады: 1. каптаж – жер асты суларын пайдалану мақсатында олардың табиғи шығу

орындарында ашылып, жер бетіне шығарылуын қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрылыс; 2. бұлақ – жерасты суларының жер бетіне табиғи жинақталып шығуы; 3. құбырлық құбық – жер асты суларын қабырғалары шеген құбырмен бекітілген цилиндрлік тік арналар түрінде жинауға арналған құрылыс; 4. шахталық құдық – тереңдігі көлденең тіліктен артық, сумен жабдықтау мақсатында жер асты суларын жинауға арналған тік көп қазбасы.

Санитарлық қорғау аймағы (СҚА) – сумен жабдықтау және су құбыры құрылыстарының айналасында арнайы бөлінетін аумақ, онда сумен жабдықтау көздерін, су құбыры құрылыстарын және қоршаған аумақтарды су сапасының нашарлауының алдын алу мақсатында белгіленген тәртіп орнатылуы тиіс.

Ауыз су эпидемиялық және радиациялық жағынан қауіпсіз, химиялық құрамы бойынша зиянсыз және органолептикалық қасиеті бойынша жағымды болу қажет.

Су арқылы таралатын инфекциялардың негізгі себептері:

- 1. су алу кезінде санитарлық қорғау аймағын дұрыс ұйымдастырмау;
- 2. су құбырының суын сапасыз тазалау және залалсыздандыру;
- 3. су құбыры трубаларының ескіруі;
- 4. шаруашылық және асыз су ретінде өңделмеген ашық су көздерін қолдану.

Ішек инфекцияларының су арқылы таралуына 3 жағдай қажет: науқас немесе сәтталмаушы бөліністерімен бірге қоздырғыштардың суға түсуі; олардың суда өмір сүру қабілеті мен вируленттігін сақтауы; ластанған судың адам ишегіне түсуі.

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,**  
«Ескелді аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

## Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрынғы Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық «EgovKzBot» Telegram-бота алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзіңіз деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау қажеттігі SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетке» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі

ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- компазиттік қызметке электрондық өтініш беру –соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;
- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

## Қуаныш ЖЕТПІСАЕВ, ҚР БП ҚСЖАЕЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры

# О НОВШЕСТВАХ В СФЕРЕ ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ



Если ранее не допускалось трудоустройство лиц, на должность, связанную с исполнением управленческих функций, то сейчас ограничения в трудоустройстве в квазигосударственные организации распространяется на все должности.

Комитетом по правовой статистике и специальной учетам Генеральной прокуратуры выдана сведений о совершении лицом коррупционного преступления переведена в сферу оказания государственных услуг.

Прием и выдача документов для оказания государственной услуги осуществляется через: веб-портал «электронного правительства» [www.egov.kz](http://www.egov.kz).

Срок исполнения услуги 10 минут, в случаях дополнительной установочной проверки – 5 рабочих дней.

Услуга будет также доступна работодателям, для получения сведений в отношении сотрудников, при условии их согласия посредством «личного кабинета» и (или) sms-подтверждения. Получить такую услугу можно лишь при регистрации в базе мобильных граждан.

Для регистрации в базе мобильных граждан услугополучателю необходимо в «Личном кабинете» на веб-портале «электронного правительства» в графе «телефон» указать номер телефона или привязать его к индивидуальному идентификационному номеру (ИИН) обратившись в любой фронт-офис Госкорпорации.

Мади ХАЙРБАЕВ, Старший прокурор формирования правовой информации в уголовной сфере Департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетам ГП РК по области Жетісу

# УЛЫ ГАЗДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ



Улы газ – өнімдерінен шығатын ең улы компоненттердің бірі. Иіс тию адамның қиын жағдайға әкелуі мүмкін, кейде өлімге әкеліп соқтырады. Улы газдың иісі де, түсі де, дәмі де жоқ, ал ол жану процесі бар барлық жерде, тіпті пеште пайда болады. Өкінішке орай, оның құрбандары көбінесе адамдар болады.

Әдетте, түн шықтырғыш газбен улану ақаулы жұмыс пешпен жылыту нәтижесінде, өрт ошағында адам болған кезде, қозғалтқышы қосылған жабық автомобильде басталады.

Тыныс алу кезінде ағзаға түсу, ол окпеден қан жүйесіне өтеді, онда гемоглобинмен қосылады. Нәтижесінде қан оттегі тасымалдау және жеткізу қабілетін жоғалтады және дене өте тез оның жетіспеушілігін бастан бастайды. Бірінші кезекте ми зардап шегеді, бірақ зақымдану мүмкін басқа да ағзалар – жалпы денсаулық жағдайына

байланысты. Есіңізде болсын! Улы газ қауіпті, ол тез және байқаусыз әрекет етеді, сондықтан өмір мен денсаулық қабылданған шаралардың жылдамдығына байланысты, Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

М. ЕЛЕУСИЗОВ, Ескелді ауданы ТЖБ бас маманы азаматтық қорғау капитаны

# ГАЗ ПРИБОРЛАРЫН ҰҚЫПТЫ ПАЙДАЛАНАЙЫҚ

Газ өндірісі – еліміздің халық шаруашылығының жас және болашағы зор салалардың бірі болып саналады. Газды үйде және басқада тұрмыс саласында пайдалану өте қолайлы. Бірақ газдің осындай қолайлы артықшылықтарымен қатар зиянды жақтары да бар.

Газ плитасының жанарғысын жапың турған кезде қараусыз қалдыруға болмайды, сондай-ақ оның төңірегінде жанғыш заттардан 0,2м көлденеу 0,7м аралықта болу керек. Ақауы бар газ плиталарды уақытша пайдаланудан бас тартып, сонымен қатар бұл жағдай жөнінде міндетті түрде тез арада газ апаратын болдырмау қызметі орнына хабарлау тиіс. Егер газ құралдарын пай-

далануда қателікке жол берілсе, адамның бақытсыздыққа ұшырауы мүмкін. Ол қорқыныс туғызуға және өрт шығуына себепкер болады. Тұрмыстық газ құралдарын пайдалану кезінде абай болып, газ балонды бөгде адамдардың қолынан емес, тиісті жерден сатып алуға тырысып, кездейсоқ қопарылыстың болуына немесе өрт шығуына жол бермеу қажет. Өртті сөндіргеннен гөрі оны алдын алған жөн.

Өрт болған жағдайда ұялы телефон арқылы 101 нөміріне қоңырау шалсаңыз өрт сөндіру бөлімімен және 104 газ қызметіне тегін хабарласа аласыз.

Қ. ӨШМОВ, ТЖБ аға инженері

# ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ПРИ ПЕЧНОМ ОТОПЛЕНИИ

Одной из наиболее распространенных причин возникновения пожаров в жилом секторе является нарушение требований пожарной безопасности при устройстве и эксплуатации отопительных печей и дымоходов. По этой причине ежегодно происходит до 20 % пожаров от общего количества.

Почему же они происходят? На практике это выльядит так. Владелец дома, бани, хозяйственные постройки для целей обогрева решил оборудовать отопительной печью помещение. Все работы проводит сам либо привлекает лиц, которые, как и он, не имеют необходимых знаний, не прибегая к помощи специалистов и имея под рукой различные строительные материалы и конструкции, приспосабливает их, самонадеянно полагая, что это «нормально». Однако через некоторое время эксплуатации печи происходит пожар.

Трубо-печные работы – лицензионный вид деятельности, осуществляемый лицами, прошедшими специальное обучение. На объектах, где специалистами выполнено печное отопление, как правило, не возникают пожары от печей.

Для того, чтобы не произошел пожар от печного отопления необходимо выполнить основные условия:

- отопительную печь установить на основание, выполненное из негорючих материалов;
- разместить печь не ближе 0,7м от деревянных и др. горючих поверхностей и предметов, а от топочных отверстий не менее 1,25м;
- выполнить в потолочном пере-

крытии противопожарную разделку (отступу) из негорючих материалов в зависимости от предполагаемой продолжительности топки печи (расстояние от внутренней поверхности дымового канала до конструкций потолка) размером 38 см с применением листового асбеста или без него – не менее 51 см;

- выполнить в крыше здания разделку (отступу) из негорючих материалов (расстояние от наружной поверхности дымовой трубы до конструкций (обрешетки) размером не менее 13 см;

- поверхности печи и дымохода оштукатурить и побелить; не применять в качестве дымоходов асбесто-цементные трубы по причине их разрушений от теплового воздействия.

- перед топочными дверками печи на деревянном или другом полу из горючих материалов прибить перед топочный лист размером не менее 0,5x0,7 м;

- при устройстве отопительной печи использовать красный (выполненный из глины) кирпич и связующий элемент раствор песка и глины, которые являются самыми надежными в противопожарном отношении материалами.

При установке в помещении временных металлических и других печей заводского изготовления необходимо выполнить указания (инструкции) предпринятой заводом-изготовителем.

Соблюдая эти условия, вы обезопасите себя и свое имущество от пожара!

Е. ТУЛЕНДИНОВ, Инженер ОЧС Ескелдинского района старший лейтенант гражданской защиты

# ВЗРЫВЫ И ПОЖАРЫ ПРИ ЭКСПЛУАТАЦИИ ГАЗА В БЫТУ



Большую опасность создают автогазовозы, используемые не по прямому назначению. Многие автогазовозы в данное время находятся у частных предпринимателей, которыми к сожалению, не соблюдаются правила пожарной безопасности при заправке газовых баллонов. Также не соблюдаются элементарные технологические и регламентные работы. Количество, качество давление управляемого газа не контролируется, что в конечном результате, может привести к взрыву с непредсказуемыми последствиями гибели или травмами людей.

необходимо соблюдать элементарные правила при эксплуатации газового оборудования;

Такая абонентами строго запрещается; производить самовольную газификацию дома (квартир, садовых домика) перестановку, замену и ремонт газового оборудования;

вносить изменения в конструкцию газовых приборов для сна и отдыха; установка баллонов в газифицированном помещении на расстоянии не менее 1 м от радиатора отопления или печи. При устройстве экрана предохраняющего баллоны против нагревания. Размещать баллоны против топочных дверок печей на расстоянии не менее 2 м.

Е. ТУЛЕНДИНОВ, Инженер ОЧС Ескелдинского района лейтенант гражданской защиты

# ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДА МАХАББАТ ДЕГЕНІМІЗ



Адамдар жұмбақ құбылыстар, әрекеттер мен сезімдерге қисынды жауап пен түсініктеме алуға құмар. Бұл тұрғыда, әрине, ғалымдар көмекке келеді. Мысалы, олар адамдардың ең керемет сезімдерінің бірі махаббатқа қатысты бірнеше пайымға дәлел тапқан екен.

1. Бір көргеннен ғашық болуға болады

Профессор Стефани Ортиг махаббат жайлы өзгерген артық білетініне сенімді. Сиракьюс университетіндегі (Syracuse University) әріптестерімен бірге ол махаббат машақатының адам миына қалай әсер ететіндігі жайлы бірнеше ғылыми тәжірибе жасаған.

«Махаббат томограммасы» (The Neuroimaging of Love) деп аталатын кітабында ол ғашық адамның ағзасында болатын барлық өзгерістің механизмін тәптіштеп түсіндіріп берген. Мысалы, барлық ғашықтың қанында жүйенің еселенуіне ықпал ететін (NGF) ерекше ақуыздың біршама артақаны анықталған. Бір көргеннен ғашық болуға осы фермент әсер етеді. Зерттеулерге сүйенсек, оның ағзада пайда болуына бар-жоғы бес секунд жеткілікті екен, сол себепті адам мұны сезіп үлгермейді. Осылайша, ағзада ғашық болу процесі бастау алғанымен, адам байқамай жүре беруі мүмкін.

2. Махаббат үш жыл өмір сүреді

Бұл – осы аттас туындыны дүниеге әкелген француз жазушысы Фредерик Бегбедердің қиялы емес. Пайымның логикалық, тіпті биологиялық түсіндірмесі бар. Ежелде, ата-бабаларымыз әкесі мен анасы бөбекке алғашқы үш жылында әсер ете алады деп кепілдік берген. Үш жылдық декреттік демалыс та осы пайымнан шықса керек.

3. Махаббат көзсіз етеді

Неміс зерттеушісі Андреас Бартель «көзсіз ғашық болу» теориясы нақты екенін айтады. Мидың орынды және ойланған шешім қабылдауға әсер ететін аймағы ғашық адамда ұйықтап жатады екен. Мұндай «соқырлық» бірнеше айдан бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін. Бұл түсінікті де – егер біз серігіміздің барлық кемшілігін бірден байқайтын болсақ, онда үйленуге шешімді абайлап қабылдайтын едік. Ал бұл адамзаттың дамуына үлкен қауіп-қатер туғызар еді.

4. Махаббат – бұл құмарлық

Ғашық адамның және есірткіге тәуелді адамның томографиясынан көптеген ортақ дүниені табуға болады. Мысалы, ғашықтарда тәуелділік жүйесіне жауап беретін миының екі аймағы бір мезетте белсенді екені байқалады. Бұл ләззат сезімін тудыратын гормон – дофаминнің ұлғаюы салдарынан болады. Дәл осылай адам миына есірткі ғана әсер ете алады.

5. Махаббатты «емдеуге» болады

Егер тышқанға көп мөлшерде серотонин ексе, ол тұрақты серігінен бас тартып, кез келген тышқанмен жұптасып кете беретінін ғалымдар тәжірибе жүзінде анықтаған. Мұның себебі, серотонин дофаминнің деңгейін біршама азайтады, сонымен бірге махаббатқа тәуелділікті «өлтiредi». Айта кететiнi, әртүрлi антидепрессанттарды қолданғаннан серотонин деңгейi айтарлықтай артады.

6. Бақытсыз махаббат күйзеліске әкеп соғады

Махаббатта бақытсыз адамның ағзасында қандай іс-әрекеттер орын алады? Қайғырған адам екі кезеңнен өтеді. Алдымен жауапсыз махаббат дофамин деңгейін көтереді – махаббат сезімі қатты ушығып, адам көзсіз долылық, қызғаншақтық пен агрессияға бой алдырады. Бұл кезеңде адам көбіне серігіне қоқан-лоқы көрсетіп, күштеп ғашық еткісі келеді. Эмоция мен күйінше толы бұл кезең ұзаққа созылмайды, ерте ме, кеш пе оны келесі кезең басады – дофамин деңгейі күрт төмендейді де, адам бойында енжарлық еселенеді, ал кейін күйзеліске ұшырайды, бірақ бұл да көп ұзамай өтеді.

7. Еркектер көзбен, ал әйелдер құлақпен жақсы көреді

Қатты ғашық болған ерлердің миында көруге жауап беретін аймақ белсенді болады. Ал әйелдерде – естуге жауап беретін аймақ. Дәл осы себептен ғашық жігіт серігінің алғаш кездесуге не киіп келгенін есте сақтап қалады, ал әйел адам, ғашық жігіттің қандай уәделерді жаудырғанын ұмытпайды.

8. Кейбіреуіне сүю бақыты бұйырмаған

Ешкімге ғашық болып көрмеппін дейтін адамдарды өміріңізде кезіктірген боларсыз? Бәлкім, олар шынымен ғашық болатын адамды жолықтырмай келген болар. Алайда, олар өте сирек кездесетін – гипопитуитаризм деп аталатын ауруға шалдығуы да мүмкін. Бұл адамның ғашық болған кездегі сезімдерді толыққанды сезінуге мүмкіндік бермейтін ауру.

9. Экстремалды жағдайларда ғашық болу – оңай

Экстремалды жағдайларда махаббатты ойлауға мұрша жоқ сияқты көрінеді – қорқу керек, қорғану керек, жаныңды сақтап қалу үшін күресу керек. Алайда дәл осы қорқынышты жағдайлар үлкен, мөлдір сезімнің тууына ықпал етеді екен. Себебі, мұндай жағдайда біздің ағзамыз адреналин бөледі, ал ми оны стресс гормоны ретінде ғана емес, махаббат гормоны ретінде де қабылдайды. Біз қобалжымыз, тамыр соғысы жиілейді, ауа жетпейді – ессіз ғашық адамның сезімдеріне тән. Және егер дәл осындай сәтте қарсы жыныстың лайықты өкілі пайда болса, мойнына асыла кетуге дайын боламыз.

Дереккөз: massaget.kz

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚАРАТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ



- «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру»
- «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»
- «Сауда-саттықты конкурстарды, аукциондарды өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу»
- «Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»
- «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»

Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына сәйкес, мемлекеттік қызметтер электронды портал арқылы алынады.

Мемлекеттік қызметті аудандың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, аулдардың, ауылдық округтің әкімдері – көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы.
- «Электрондық үкімет беру» порталы арқылы жүзеге асырылады.»

## Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Подписчикам при публикации предоставляются скидки!

Наш электронный адрес:

eskeldi\_eli@mail.ru

## НАВАРЛАНДЫРУ

### ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сіздерді Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің «Салықтар және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» Заңына сәйкес- көлік салығын уақытылы төлеулеріңізді сұрайды.

«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

### УВАЖАЕМЫЕ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКИ!

Государственное учреждение «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа» в соответствии с кодексом «О налогах и других обязательных платежей в бюджет» напоминают Вам о погашении задолженности по транспортному налогу.

ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа»

\*\*\*

«Алматы облысының «Тіл» оқу-әдестемелік орталығы» КММ Ескелді аудандық филиалы, БИН 190841028863, таратылуын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сатпаев көшесі 67, тел. 8 (72836) 3-21-90 мекенжайда қабылданады.

\*\*\*

КГУ «учебно-методический центр» Тіл» Алматинской области « Ескельдинский районный филиал, БИН 190841028863, сообщает о ликвидации. Жалобы в течение двух месяцев со дня опубликования объявления принимаются по адресу: Жетысуская область, Ескельдинский район, село Карабулак, улица Сатпаева 67, тел. 8 (72836) 3-21-90.

## “ЖЕТИСТІККЕ БІРГЕ ЖЕТЕЙІК”

SHOP NOW

-ҰБТ/КТЛ/МАССАЖ  
-ФИТНЕС/9-ҚҰМАЛАҚ  
-SPORT /ГИМНАСТИКА  
-ШАХМАТ/ШАШКИ

@araibilim.karabulak

Меншік иесі:  
**«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС**  
директор - бас редактор  
**Инкар Ерболқызы**  
**НҰРСҰЛТАНОВА.**  
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru**

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 1236 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ